

Ұйғыр ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының қызметкерлеріне отын сатып алу үшін бюджет қаражат есебінен біржолғы әлеуметтік көмек беру туралы

### ***Күшін жойған***

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2011 жылғы 24 тамыздағы N 51-2 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ұйғыр ауданының Әділет басқармасында 2011 жылды 22 қыркүйекте N 2-19-119 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2020 жылғы 5 маусымдағы № 6-65-373 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 05.06.2020 № 6-65-373 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О                    е ск е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағы 15)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 8 шілдедегі "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Ұйғыр аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұйғыр ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының қызметкерлеріне отын сатып алуға 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек төленсін.

2. Әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып "Ұйғыр ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленсін.

3. Әлеуметтік көмекті "Ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының қызметкерлеріне отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету" бюджеттік бағдарлама бойынша жүзеге асырылсын.

4. Әлеуметтік көмек алушылардың екінші деңгейдегі банк және осы операциялардың түрлерін жүзеге асыратын рұқсаты бар басқа да мекемелердегі ашылған жеке есеп шотына аудару арқылы төленсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ұйғыр аудандық мәслихатының "Халықты әлеуметтік жағынан қорғау, еңбекпен қамту, білім беру, деңсаулық сақтау, сауда, мәдениет, тіл және діни мәселелер жөніндегі" тұрақты комиссиясының төрағасы Камилжан Абдурашитович Юлдашевқа және аудан әкімінің орынбасары Даuletжан Модинович Деменбаевқа жүктелсін.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

А. Сейитов

М. Нуров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК